

Еңбекті қорғауғаудың түсінігі және пәннің мазмұны.

- Қазақстан Республикасының Конституциясында адамдардың еңбегі мен денсаулығы мемлекетпен қорғалатыны, әрбір азаматтың қауіпсіздік және тазалық талаптарына сай еңбек ету құқығы жарияланған. Мемлекет бұл талаптарды, ең алдымен, еңбекті қорғау және оларды орындауға қадағалау жүргізу туралы нормалар жүйесі арқылы орындайды. Еңбекті қорғау пәні – бұл қызметкерлердің еңбек процесі барысында еңбекпен қорғалуын, яғни олардың өмірі мен денсаулығының қорғалуын қамтамасыз ететін, өндірістегі қауіпті жағдайларды, кәсіптік зияндарды болдырмау және оқыс жағдайлардың алдын-алу шараларын жасайтын, оқытатын, зерттейтін пән. Яғни, Еңбек құқығының бір институты болып табылады.



Еңбекті қорғау қызметінің негізгі міндеттері:

- **жұмыс берушінің атынан өндірісте қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайын тудыруға, құрылымдық бөлімшелерде өндірістік жарақаттың, кәсіби аурудың алдын алуға, жұмыс берушінің ұжымдық келісім-шартқа орай еңбекті қорғау саласында міндеттемелердің орындалуына ішкі бақылау жүргізеді;**

- өндірісте кездейсоқ жағдайларды зерттеуге және есепке алу тәртібінің сақталуына ішкі бақылау жүргізеді;



- өндіріс учаскелерінде еңбек жағдайына жедел талдау жүргізу, қауіптілікті бағамдау және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес келмейтін жайларды жоюға шаралар белгілейді;

- қолданылып жүрген ережелерге орай ұйым қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі және қорғау мәселелері бойынша оқуын, білімін тексеруді ұйымдастырады;



- ҚР заңнамаларына сәйкес зиянды және ауыр еңбек жағдайында жұмыс істейтін мамандықтар мен лауазымдағылардың денсаулығын дүркін-дүркін тексеріп отыру үшін олардың тізімін жасауға әдістемелік көмек көрсетеді;

- еңбек жағдайлары бойынша басқа қызмет орындарымен бірге жұмыс орнын аттестациялайды;



- салауатты және қауіпсіз еңбек пен тұрмыс жағдайын жасау, қауіпсіздік шаралары бойынша қаржыландыру, денсаулықты жақсарту жөнінде ұжымдық келіссөздер



- еңбек етуге байланысты кездейсоқ жағдайларды, қызметкер денсаулығына зиян келуін ұйымның зерттеуі мен есепке алу тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді;

- зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін қызметшілердің қосымша ақы алуы үшін бұйрықтарды қайта қарайды;




- **медқараудан өту үшін зиянды және ауыр еңбек жағдайында жұмыс істейтін қызметшілердің тізімін жасайды және келісімін алады;**

- **жабдықтарды, машиналар мен механизмдерді уақтылы сынауды және техникалық куаландырылуды, қауіпті өндірістік факторлар өлшемдер кестесінің сақталуын бақылайды;**

**• қауіпсіздік пен еңбекті
қорғау мәселелерін
ұйымдастыру
бұйрықтары мен
өкімдерін
орындайды;**

- арнайы киім, аяқ киімдер мен басқа жеке қорғану құралдарын алу, сақтау, залалсыздандыру, және жөндеуді ұйымдастырад



- салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайын жақсартуды ұйымдастыру жөнінде басшылыққа ұсыныс жасайды;

- сәуле шығаратын құралдарға зертханаларда дозиметиялық бақылау жасайды;



- **жұмыс орындарында еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі жөнінде мүйістердің жасалуын бақылайды.**